


АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Мәжбүрлеу, заңсыз ықпал ету, арам
ниет





Жалпы құқық бойынша мәжбүрлеу (duress) заңсыз қысым көрсетуді қамтиды, сондықтан қысым көрсету арқылы жасалған тиісті келісімшартты жарамсыз етеді. Мәжбүрлеу кезінде уағдаласушы тараптың практикалық тандауы заңсыз қысым көрсету салдарынан жойылады не өзгереді.

Мәжбүрлеуге анықтама берген екі негізгі сот шешімі бар.

Біріншісі, Universe Tankships Inc. Of Monrovia компаниясының Көлік қызметкерлерінің халықаралық федерациясына қарсы ісін (1983) қараған лорд Скарман ол туралы мынадай мәлімдеме жасаған: «Қандай талап болмасын, заңсыз әрекетке бару қауіпін төндіру – құқыққа қайшы. Әрине, заңға сай әрекетке бару қауіпін төндіру де мәжбүрлеуге жатуы мүмкін: жататыны-жатпайтыны қойылған талап мәніне байланысты».



Екіншісі, Dimskal Shipping Co SA компаниясының Көлік қызметкерлерінің халықаралық федерациясына қарсы ісін (1992) қараған лорд Гофф былай деген: **«Экономикалық қысым көрсету мәжбүрлеуге барабар болуы мүмкін... ол үшін экономикалық қысым заңсыз сипатқа ие болуы, сондай-ақ шағымданушының тиісті келісімшарт жасасуына елеулі ықпал еткен болуы керек».**

Мәжбүрлеу іс жүзінде орынсыз қысым көрсету әрекетін қамтиды. Келісімді құқықтық тұрғыда негізсіз деп тану үшін көрсетілген қысым қатты әрі ықпалды болған болуы керек. **Мәжбүрлеу біреуге тікелей күш көрсету немесе күш қолдану қауіпін төндіру түрінде көрініс табуы мүмкін.**

Қауіп төндіру. Қарсы тараптың қауіп төндіргені, әдетте, анық болады, алайда оның бірден айқын емес түрі де болады. Зиян келтіру қауіпін төндірудің бірнеше жолы бар: (а) жеке тұлғаға зорлық көрсету (адамды жаралау не өлтіру); (b) материалдық залал келтіру (кез келген мүлік түріне); (с) экономикалық зиян келтіру; (d) адамның жеке не оның отбасының абырой-беделіне зиян келтіру.

Себептілік. «Ол болмағанда» ('but for') немесе «шешуші ықпал ету» ('decisive influence') атты тексеру әдісі, экономикалық мәжбүрлеуге де, біреудің мүлкін басып алу не ұстап қалуға да (duress as to goods) қатысты қолданылады. Дегенмен Бартонның Армстронгқа қарсы ісін (1976) қараған Құпия кеңестің шешіміне сай, аталған тексеру әдісі адамды еріксіз көндіру болған жағдайларға қатысты қолданылмайды, оның орнына мұндай жағдайда қолданылатын психологиялық тест жәбірленуші пайдасына сай қарастырылады: еркінен тыс көнген тараптың қысым көргені, оның амалсыз көнгені анықталса жеткілікті. Бұған қоса, қауіп төндірудің жәбірленуші тарапқа тиісті ықпал етпегенін дәлелдеу ауыртпалығы мәжбүрлеуші тарапқа жүктеледі. Соған қарамастан «ол болмағанда» немесе «шешуші ықпал ету» атты тексеру әдісін мәжбүрлеудің барлық санаттарына бірдей қолдану керектігі атап өтілді. Жәбірленуші тарапқа күш көрсету қауіп төнген жағдайдың өзінде тиісті мәміле жарамды деп танылуы мүмкін (сөзсіз айрықша жағдайларда). Ол үшін мәжбүрлеуші тарап сотқа өзінің басқа тарапқа көрсеткен қысымы оның келісімшарт жасасуына шешуші ықпал етпегенін дәлелдеуі қажет.

Орынсыз қауіп төндіру. Қауіп төндіру әрекеті құқыққа қайшы (unlawful) (қылмыс, деликт, келісімшартты бұзу немесе басқа құқық бұзушылық түрі) немесе «заңсыз» (illegitimate) (құқыққа қайшы болмаса да) болуы тиіс. Қысым көрсету деп, әдетте, құқыққа қайшы қауіп төндіру әрекетін айтады (қылмыс, деликт, келісімшартты бұзу т.б.); бірақ (b) айрықша жағдайларда, заңға сай әрекет ету қауіпін төндіруге болады (мысалы, жеке тұлға туралы полицияға немесе басқа да өкілетті органдарға хабар беру). Осы аталған жағдайында қауіп төндіру – «заңсыз», яғни болмайтын немесе моральдық тұрғыда айыптауға тұратын қысым көрсету әрекеті деп танылуы мүмкін; алайда ол үшін арнайы юрисдикция соты тиісті фактілерге баға беріп, құқыққа қайшы әрекет орын алмаса да, заңда белгіленген шектен аттап, «заңсыз» әрекетке жол берілгенін-берілмегенін анықтауы қажет. Келісімшартты бұзу құқыққа қайшы әрекет болғандықтан, келісімшартты бұзу қауіпін төндіру – құқыққа қайшы әрекетке бару қауіпін төндіру болып есептеледі, сондықтан мұндай қауіп төндіру міндетті түрде заңсыз болып танылады. Мысалы, айта кетерлігі, DSND Subsea Ltd компаниясының Petroleum Geo-Services ASA компаниясына қарсы ісін (2000) қараған судья Дайсон келісімшартты бұзу қауіпін төндіру міндетті түрде заңсыз әрекет болып танылмайды деп пайымдаған. Сонда да осы ретте келісімшартты бұзу қауіпін төндіру әрекетіне міндетті түрде құқыққа қайшы, сондықтан міндетті түрде заңсыз әрекет деп қараған жөн. «Заңсыздықты» тексеру әдісін аталған құқыққа қайшы қауіп төндіру әрекетіне «заңды» сипат беру үшін қолдануға болмайды.

CTN Cash & Carry Ltd компаниясының Галлахерге қарсы ісін (1994) қараған Апелляциялық сот шамадан тыс коммерциялық қысым көрсету заңсыз әрекетке жатпайды деп шешті. Лорд-судья Стейн (Steyn LJ)



коммерциялық қарым-қатынастарда айқындық қажеттігін, жасалған мәмілелерді уақытылы орындап аяқтау керектігін, сондай-ақ жауапкер тараптың адал ниетпен талап қойғанын атап өткен.

Мәжбүрлеу салдарынан дауланатын келісімшарт. Мысал ретінде келесі істі қарастырсақ болады: Лорд Скарман Рао Оп ісіне (1979) қатысты жасаған мәлімдемесінде мәжбүрлеумен жасалған келісімшарт («экономикалық мәжбүрлеу» және біреудің мүлкін басып алу не ұстап қалу болған жағдайда) дауланатын келісімшарт болып танылады деген. Мәжбүрлеудің арысз немесе өрескел түрлеріне өзгеше баға берілуі мүмкін. Сол себепті Борреллидің Тинге қарсы ісін (2012) қараған Құпия кеңес реституция жасау мүмкін емес деген шектеуді қолданудан бас тартқан (*restitutio in integrum* болмайды), өйткені мәжбүрлеуші тарап қысым көрсеткенде құқыққа қайшы әрі арысз әрекетке жол берген деп айыпталған. Дегенмен, Бартонның Армстронгқа қарсы ісін (1976) қараған Құпия кеңес мүшесі лорд Кросс көпшілік дауыспен қабылданған мынадай пайым білдірген: күш қолдану қаупін төндіру немесе жеке тұлғаға зорлық көрсету түріндегі мәжбүрлеу нәтижесінде жасалған келісімшарт басынан бастап жарамсыз. Осы ретте бірізділікті қамтамасыз ету мақсатында «дауланатын» келісімшартты тексеру әдісі жеке тұлғаға тікелей зорлық көрсету немесе зорлық көрсету қаупін төндіру болған жағдайларда да қолданылуы керектігі айтылды. Мәжбүрленген тарап келісімшартты бекіткен жағдайда, оған қатысты қолданылған мәжбүрлеу әрекеті аяқталғаннан кейін аталған келісімшартты бұзу (токтату) мүмкіндігінен айырылады. Мысалы, *Borrelli v. Ting* (2012) ісі: мәжбүрлеу тоқтатылғанына үш жыл толып, мәжбүрленген тарап тиісті талап арыз бергеніне қарамастан, бұл істе келісімшарт бекітілмеген.

Заңсыз ықпал ету (*undue influence*)

(i) Заңсыз ықпал ету мен мәжбүрлеудің бір-біріне жақын ұғымдар болғанына қарамастан, заңсыз ықпал ету – мәжбүрлеуге қарағанда кең ұғым. Заңсыз ықпал көрсету нәтижесінде жасалған келісімшарт (немесе сыйлық) дауланатын келісімшарт болып табылады.

(ii) Көп жағдайда заңсыз ықпал көрсетілгенін өзара қатынастарда бір тараптың үстем не басым жағдайын теріс пайдаланғанына қарап, тұжырымдауға болады.

Заңсыз ықпал ету мәжбүрлеуден кең ұғым. Мысалы, *Etridge* ісін (2002) қараған лорд Николлс «нағыз заңсыз ықпал ету» туралы былай деген: (a) ол «заңсыз қауіп төндіру сияқты ашық түрде орынсыз қысым көрсету немесе мәжбүрлеу әрекеттерін қамтиды», бірақ (b) оның «орынсыз әрекет мағынасы» әлдеқайда кең, ол «ашықтан-ашық көндіру» түрінде де болады. Судья Льюисон Томпсонның Фойға қарсы ісіне (2009) қатысты «ашық көндіру, эмоциялық бопсалау немесе әлімжеттік жасау» сияқты әрекеттерді атап өткен.

Болжамды заңсыз ықпал. Көп жағдайда «заңсыз ықпал» ету «сенімді» қарым-қатынасты теріс пайдалануда көрініс табады. *Etridge* ісін (2002) қараған лорд Николлс атап өткендей, әлсіз тарап: (a) сондай қарым-қатынастың болғанын (тараптардың рөлдерін анықтаудың стандартты әдісіне негізделген; мысалы, солиситор мен клиенттің немесе доктор мен емделушінің арасындағы теңсіздік; немесе «ad hoc» (уақытша) анықтау әдісі, яғни тараптардың өзара қатынасының сипатына негізделген; Мысалы, бір достың басқа тарапқа үлкен ықпал етуі); (b) («көзір картасы» (*ace card*) мәміленің «түсініктеме беруді талап ететінін» (яғни оның елеулі дәрежеде біржақты әрі күмәнді екенін) көрсетуі керек; (c) сонда үстем тарап әлсіз тараптың «істің мән-жайынан толық хабардар болып» мәміле жасасқанын, оның бұл әрекетке өз еркімен барғанын көрсетуге міндетті. Мәміленің «түсініктеме беруді талап ететіні» дегеніміз – келісімшарттың (немесе сыйлықтың) әлсіз тарап ойланып, ерікті түрде әрекет етпегеніне және қастық не айыптауға тұрарлық сипаттағы қандай да бір сыртқы ықпалға бой алдырмағаны объективті түрде күмән болған жағдайда жасалғаны.

Бір тараптың басқа тарапқа заңсыз ықпал етуге мүмкіндігі бар деген болжам мына екі санатта туындауы ықтимал:

(1) болмысынан тең емес қатынастар, атап айтқанда, солиситор/клиент, мұғалім/оқушы, рухани ұстаз/шәкірт, сенімгер (қамқоршы)/бенефициар. Заң мұндай қарым-қатынастарды теріс пайдалану қаупінің бар екенін мойындайды. Тиісті мәміле «түсініктеме беруді талап етсе», онда заңсыз ықпал көрсетілді деген болжам жасалады; басқа жағдайларда (банктер мен клиент, ерлі-зайыптылар, ересек балалар меносал топқа жататын ата-аналар арасындағы қатынастарды қосқанда), талап арыз беруші істің нақты мән-жайына сүйеніп, өзінің қарсы тарапқа «құрметпен қарап», оған «сенім білдіргенін» көрсетуі тиіс; солай болғанын көрсеткенімен, тиісті мәміле «түсініктеме беруді талап етсе», онда заңсыз ықпал ету болжамы жасалады;

Қарыз беруші (кредитор) қарыз мөлшерін көбейтпей, қосымша қорғау шараларын қабылдаған кезеңде



кепілдік берілсе, ондай кепілдік «түсініктеме беруді талап етуі» мүмкін.

Ерлі-зайыптылар арасындағы (фактілерге сай дәлелденген) сенім мен тәуелділікке негізделген қатынастар. Оған мысал, Хьюиттің First Plus Financial Group компаниясына қарсы ісін (2010) қараған Апелляциялық сот шешіміне сай, ерлі-зайыптылар арасында сенімге негізделген қарым-қатынас бар екені анықталғанда, мұндай қарым-қатынас елеулі фактіні әдейі жасырудан тартыну міндетін жүктеуі мүмкін. Бұл істе күйеуі өз әйелінен басқа әйелмен жүріс жасағанын жасырған. Әйелі мұны білсе, күйеуінің арыз берушіден (қаржы компаниясынан) алған қарыздарын қайта қаржыландыру үшін қарызды қамтамасыз етуге/оған кепіл болуға (отбасы тұрып жатқан үй құнының бір бөлігін беруге) келіспеуі әбден мүмкін еді.

Апелляциялық сот шешіміне сай, қарыз беруші тарап әйелдің елеулі фактілерді жария етпеу құрбанына айналғанынан хабардар болған. Қарыз беруші тарап әйел жаңа қаржы келісіміне көніп, қарыз бойынша кепілдік беру алдында одан табанды түрде тәуелсіз құқықтық кеңес алуын талап етпеген. Сондықтан қарыз беруші, күйеуі қарызын өтемегендіктен, оның өз атынан берген кепілдігін қарыз беруші мәжбүрлі түрде өндіріп алуға құқылы болғанына қарамастан, әйел берген қамтамасыз етуді мәжбүрлі түрде өндіріп ала алмады.

Жапа шеккен тарап өз еркімен әрі хабардар бола тұра келісімшарт жасасты ма? *Мәміле «түсініктеме беруді талап етсе», онда үстем тарап әлсіз тараптың істің мән-жайынан хабардар болып мәміле жасасқанын, оның бұл әрекетке өз еркімен барғанын және оған басқа тарап ықпал етпегенін көрсетуге міндетті.* Осы ретте тәуелсіз құқықтық кеңес алу қажет емес әрі оның шешуші рөлі болмайды.

Мысалы, Лорд-судья Маммеридің Пестиччоның Уетке қарсы ісіне (2004) қатысты айтқаны: «Сотқа әлсіз тараптың тиісті кеңес және түсініктеме алып, ...басқа біреудің ықпалымен емес, ...өз еркімен, қажетінше дербес шешім қабылдап, ...істің мән-жайын толық аңғарып әрекет еткенін көрсетсе жеткілікті».

Кепілдіктерді (кепілгерлік шарттарын) бұзу

Кепілдіктер мен басқа да жазбаша құжаттарды біржақты өзгертуге тыйым салатын ереже.

Кепілдік туралы келісімшартты кепілгер мына төмендегі жағдайларда дауланатын келісімшарт деп тануы мүмкін:

- (a) кепілгер қарыз алушы жасаған заңсыз әрекеттің не теріс қылықтың құрбаны болғанда;
- (b) мынадай үш жағдайдың біреуі орын алғанда:
 - (1) қарыз беруші қарыз алушыдан агент ретінде кепілдікті қамтамасыз етуін сұрағанда; немесе
 - (2) қарыз беруші жоғарыда аталған заңсыз әрекет не теріс қылықтан хабардар болғанда; немесе
 - (3) қарыз алушы мен кепілгер арасындағы қарым-қатынастың коммерциялық емес сипатта екенін білгендіктен, қарыз беруші жоғарыда аталған заңсыз әрекет не теріс қылықтың болғанын байқағанда; және
- (c) қарыз беруші кепілгердің тәуелсіз құқықтық кеңес алуын қамтамасыз ету үшін қажетті қадам жасамаған; осының салдарынан кепілгер тиісті құқықтық кеңес алмаған.

Мұндағы үш тарапты байланысты былай сипаттап беруге болады: X тарабы Y тарабына (қарыз алушы) қарыз береді, ал Z тарабы сол қарыз (борыш) бойынша кепілгер болады. Z тарабы қарыз алған Y тарабымен кепілдік шартын жасасады, қалай болғанда да Z тарабы аталған кепілдікті нақты қамтамасыз етеді.

Мысалы, Etridge ісі (2002) бойынша шығарылған шешімге сай, Z тарабының (ерлі-зайыптының біреуі) Y тарабының (ерлі-зайыптының екіншісі) борыштары бойынша кепілгер болу туралы шешімі, әдетте, «түсініктеме беруді» талап етпейді.

Сондықтан кепілгер өзінің қарыз алушының (a) жалған мәлімдемесіне сенгенін немесе (b) оның заңсыз ықпалының «құрбаны» болғанын көрсетуі керек; егер (c) кепілгер «болжамды заңсыз ықпал» болғанын көрсеткісі келсе, онда ол: (1) кепілгердің қарсы тараптың қаржы мәселесіне қатысты шешімін, әдеттегідей, үлкен құрметпен қабыл алғанын (осылайша «ad hoc» сенім мен тәуелділікке негізделген қатынастардың болғаны анықталады); және (2) аталған кепілдіктің кепілгерге айтарлықтай зиян тигізгенін дәлелдеуі қажет.

Арам ниет

Арам ниет – үстем тараптың қарсы тараптың әлсіздігін немесе осалдығын «өрескел түрде» өз пайдасына асырып, соның нәтижесінде жасалған мәмілені көбіне үстем тарап мүддесіне сай болатындай ету. Арам ниет болғаны анықталса, тиісті мәміле (немесе сыйлық) дауланатын мәміле деп танылады.



«Арам ниет» немесе «өз пайдасына қолдану» ұғымы мынадай төрт фактордан тұрады: (а) осал тараптың ерекше немесе аса тиімсіз жағдайда болуы; (b) нақты немесе ұйғарынды алаяқтық (айыптауға тұратын саналы түрде өз пайдасына қолдану әрекеті); (c) өте тиімсіз шарттар (елеулі экономикалық зиян элементі); және (d) тәуелсіз консультация алмау.

Жоғарыда аталған факторларына келсек, Alec Lobb (Garages) Ltd компаниясының Total Oil GB Ltd компаниясына қарсы ісін (1983) қараған корольдік адвокат, алғашқы инстанция соты судьясы Питер Миллет олар туралы мынадай түсіндірме берген:

«Біріншіден, бір тарап кедейлік немесе білместік, немесе қажетті кеңес берілмегені соның ішінде алкогольдік масаю, кейбір жағдайларда есірткіге тәуелді болу әсерінен екінші тарап алдында өте тиімсіз жағдайда қалып, бұл жайтты қарсы тараптың теріс пайдалануына мүмкіндік болған.

...Екіншіден, бір тараптың осылайша әлсіз қалуын басқа тарап моральдық тұрғыда айыптауға тұратын жолмен өз пайдасына асырған ...Және үшіншіден, осылайша тараптар жасасқан мәміле қиын не алдын ала ойластырылмаған ғана емес, сондай-ақ айлакерлікпен және озбырлықпен жасалған мәміле болды. Құнын әдейі азайтып сауда-саттық жасаған жағдайларда, сауда нысанының құны айтарлықтай дәрежеде азайтылған. Сондықтан бұл жайт түсініктеме беруді талап етеді және мұнда алаяқтық, заңсыз ықпал көрсету т.б. белгілері бар».

Сол сияқты, Страйдомның Vendside Ltd компаниясына қарсы ісін (2009) қараған судья Блэр арам ниетке тән элементтерді былай қысқаша сипаттап берген: «1. бір тарап қарсы тарап алдында тиімсіз жағдайда болған; 2. Аталған қарсы тарап сол тиімсіз жағдайды моральдық тұрғыда айыптауға тұратын жолмен өз пайдасына асырған, осылайша 3. жасалған мәміле айлакерлікпен және озбырлықпен жасалған мәміле болуы керек. Осы аталған факторлардың біреуінің ғана болғаны жеткіліксіз – үш элементтің барлығының болғанын дәлелдеу керек, әйтпесе сот келісімшартты мәжбүрлі түрде орындата алмайды... Аталған үш шарттың барлығы қанағаттандырылған жағдайда, сот алдында мәміленің әділ әрі қисынды жолмен жасалғанын дәлелдеу ауыртпалығы қарсы тарапқа жүктеледі».

Жаңа ғана берілген анықтамадағы 2 элементке келсек («бір тараптың әлсіз қалуын басқа тараптың моральдық тұрғыда айыптауға тұратын жолмен өз пайдасына асыруы»), Құпия кеңес мүшесі лорд Темплман Бустанидің Пиготтқа қарсы ісіне (1995) қатысты мәлімдемесінде тараптардың келіссөз жүргізу позицияларының тең болмағаны жеткіліксіз деген. Бір тарап арам ниетпен немесе бопсалау ниетімен өкілеттігін теріс пайдаланған, немесе әлсіз тараптың тиімсіз жағдайда қалғанын өз пайдасына асырған болуы керек. Теріс қылықтың болғанын көрсету қажет: лорд Темплман атап өткендей, «арам ниет» фактісін анықтау үшін мәміленің объективті түрде қиын не қисынсыз болғанын көрсету жеткіліксіз.

Ирванидің Ирваниге қарсы ісін (2000) қараған лорд-судья Бакстон атап өткендей, арам ниет қарым-қатынаста біреудің осал болғанын дәлелдеуді қажет етпейді, ал заңсыз ықпал көрсету, жалпы алғанда, (бәлкім, қажетінше) ықпалға негізделген қарым-қатынастан туындайды:

«Заңсыз ықпал көрсету (доктринасы) тараптардың келісімшарт жасаспай тұрғандағы қарым-қатынасы, оның ақырында мәміле жасасуға себеп болғаны-болмағаны сияқты мәселелерді қамтиды. «Арам ниетпен жасалған мәмілелер» доктринасында, жасалған мәміленің мәні, мәмілеге қатысты жағдайдың мән-жайы қарастырылады. Бұл доктрина тараптар арасында жасалған келісімшарттан тыс ешқандай қарым-қатынас болмаған күннің өзінде қолданылуы мүмкін».

Қолданылған әдебиеттер:

1. AS Burrows, *The Law of Restitution* (3rd edn, Oxford, 2012), chapter 10; N Enonchong, *Duress, Undue Influence and Unconscionable Dealing* (2nd edn, London, 2012), Part I (chapters 2 to 5); Goff and Jones, *The Law of Unjust Enrichment* (8th edn, London, 2011), chapter 10; D O'Sullivan, S Elliott and R Zakrzewski, *The Law of Rescission* (2nd edn, Oxford, 2014), chapter 6, section B;
2. AS Burrows, *The Law of Restitution* (3rd edn, Oxford, 2012), chapter 11; N Enonchong, *Duress, Undue Influence and Unconscionable Dealing* (2nd edn, London, 2012), Part II (notably, chapters 6 to 12); Goff and Jones, *The Law of Unjust Enrichment* (8th edn, London, 2011), chapter 11; JD Heydon, MJ Leeming, PG Turner (eds), *Meagher, Gummow and Lehane's Equity: Doctrines and Remedies* (5th edn, Sydney, 2014), Part 5(4); D O'Sullivan, S Elliott and R Zakrzewski, *The Law of Rescission* (2nd edn, Oxford, 2014), chapter 6, section C;
3. N Enonchong, *Duress, Undue Influence and Unconscionable Dealing* (2nd edn, London, 2012), Part IV;
4. D O'Sullivan, S Elliott and R Zakrzewski, *The Law of Rescission* (2nd edn, Oxford, 2014), chapter 9;



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы
Дәріс: Мәжбүрлеу, заңсыз ықпал ету, арам ниет
Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

5. N Enonchong, *Duress, Undue Influence and Unconscionable Dealing* (2nd edn, London, 2012), Part III; Goff and Jones, *The Law of Unjust Enrichment* (8th edn, London, 2011), chapter 11; JD Heydon, MJ Leeming, PG Turner (eds), Meagher, Gummow and Lehane's *Equity: Doctrines and Remedies* (5th edn, Sydney, 2014), Part 5(5); D O'Sullivan, S Elliott and R Zakrzewski, *The Law of Rescission* (2nd edn, Oxford, 2014), chapter 7, section D.